

**6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық
ерекшеліктері» тақырыбына жазылған Исаева Айнур Женисовнаның
диссертациясына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ СЫН-ШІКІРІ

1. Ғылыми зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Диссертациялық зерттеу бүгінгі таңдағы аса мән беруді қажет ететін өзекті де, күрделі мәселеге арналған және ғылыми тұрғыдан терең талдауды талап ететіні сөзсіз.

Қазіргі уақытта адам құқықтарын, соның ішінде еңбек құқықтарын қорғау жөнінде мемлекеттер мен жекелеген субъектілердің міндеттері мен түрлі тәсілдерін бекіткен халықаралық актілер жеткілікті деңгейде қабылданған. Адамның еңбек құқықтарын қорғауға арналған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт; Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының конвенциясы мен т.б. негізгі актілерді Қазақстан Республикасы ратификациялауы арқылы өз мойнына адамның еңбек құқықтарын қорғау міндеттемесін алған.

Ұлттық құқықтық жүйелердің барлығы дерлік жұмыскер мен жұмыс берушінің еңбек құқықтарын қорғаудың белгілі бір тәсілдеріне ие, соның ішінде Қазақстанды да атауға болады. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына ретінде бекітілген, осыған сәйкес адамның еңбек құқығына бостандығын қорғауға кепілдік беріледі. Ал, 2015 жылы қабылданған ҚР Еңбек кодексі еңбек дауларын қарау мен шешудің тәртібін реттейтін ережелерді бекітіп қана қоймай, сонымен қатар, еңбек құқықтарын қорғауды негізгі мақсаты мен еңбек заңнамасының қағидаты ретінде қарастырған.

Еңбек заңнамасында еңбек дауларын шешу мәселелері толыққанды қарастырылмаған, сондықтан да оларды шешу тәжірибесі пікірталас мәселелерін тудырады және оң реттеудегі олқылықтарды анықтайды. Бұл қиындықтар еңбек құқығы субъектілерін қорғаудың соттық нысанының жетіспеушілігіне байланысты да туындап отырады және де құқық қолдану тәжірибесінен еңбек дауларын сотта қараудың жекелеген мәселелері

бойынша кемшіліктерді байқау қиын емес. Осыған байланысты, еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктеріне, оның ішінде жұмысқа қайта алу, жұмыскердің еңбекақысын төлеу, материалдық жауапкершілікке байланысты, сондай-ақ ұжымдық еңбек дауларын қараудың жекелеген процессуалдық тәртібіне арналған арнайы зерттеулердің заң ғылымында жоқтығы осы диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Диссертациялық жұмыстың мазмұны – жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері жаңа ғылыми сипатқа ие екендігін көрсетеді. Ізденуші зерттеудің мақсаты мен міндеттерін айтарлықтай тұжырымдаған, сондай-ақ қазіргі заманғы теориялық және тәжірибелік негіздерге сүйене отырып, төмендегідей маңызды нәтижелерге қол жеткізгендігін айтуға болады:

Бірінші нәтиже. Еңбек дауларының түсінігін талдай отырып, қолданыстағы еңбек заңнамасына «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарына құқықтық анықтамаларын беру арқылы, олардың өздеріне ғана тән ерекшеліктерді белгілеу үшін жаңа анықтамалар енгізу ұсынылған.

Екінші нәтиже. Әлемде болып жатқан соңғы өзгерістер салдарынан жұмыс атқарудың жаңа форматы көп таралуын ескере отырып, жұмыс беруші мен жұмыскерді қашықтықтан жұмыс істеуге ауыстыруына байланысты араларында жазбаша қосымша келісім шарт жасасу ұсынылады.

Үшінші нәтиже. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексіне дербес тарау түрінде «Еңбек қатынастарынан туындайтын арыздар бойынша іс жүргізу» ерекшеліктерін заңнамалық түрде бекіту ұсынылады.

Төртінші нәтиже. Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексіне жеке еңбек дауларын (мәселен, жұмысқа қабылдаудан бас тарту, еңбек саласындағы кемсітушілік, еңбек шартын өзгерту, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру туралы) сотта қарау кезінде прокурор және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндетті түрде қатысуын қарастыруы ұсынылады.

Бесінші нәтиже. Жоғарғы және облыстық соттар жанынан еңбек сот алқаларын құру туралы ұсыныс жасалған.

Алтыншы нәтиже. Еңбек дауларын сотқа дейін қарау үшін сотқа жүгінушілерге дауды шешудің келісу комиссиясына балама түрі ретінде медиацияға жүгінудің тиімділігі ұсынылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында қол жеткізген нәтижелердің барлығы да ғылыми негізделген және олардың тәжірибелік қажеттілігі дәлелденген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен келтірілген ғылыми тұжырымдарының шынайылығы және негізделуі теориялық-әдіснамалық негізделуімен, жұмыстың ғылыми ақпаратының айқындығымен және мақсат пен міндеттердің қисындылығымен, тұжырымдарының деректік тұрғыда дәйектелуімен қамтамасыз етілген.

Бірінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы, себебі, жеке және ұжымдық еңбек дауының заңнамалық анықтамасы азаматтық істердің осы санатының процедуралық ерекшеліктерін ашуға, сот ісін жүргізудің басқа істерінен ажыратуға көмектеседі.

Екінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы, себебі, өткен жылы басталған пандемия кезінде қашықтықтан жұмыс істеу барысында жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің арасындағы еңбек тәртібін дұрыс түсінбеуі салдарынан туындаған даулардың нәтижелерінен алынған.

Үшінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы, себебі, дауды дұрыс және уақтылы шешу және еңбек қатынастарына қатысушылардың құқықтарын мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасы азаматтық процестік кодексіне талдау жасай келе, тиімділігі анықталған.

Төртінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы, себебі, прокурор және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндетті түрде қатысуы соттың жеке еңбек даулары бойынша заңды және негізделген шешімдер шығаруына ықпал ететіндігі анықталған.

Бесінші нәтиже. Негізді, әрі шынайы, себебі, шет мемлекеттердің тәжірибелері мен сот практикалық материалдарды талдау жасай келе анықталған.

Алтыншы нәтиже. Негізді, әрі шынайы, себебі, Қазақстан Республикасында еңбек дауы бойынша медиациялық рәсімдердің баяу дамуына байланысты нәтижелер анықталған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Бірінші нәтиже. Ішінара жаңа нәтиже болып табылады. Себебі, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін талдау негізінде нақты тұжырымдама жасалғанымен, шетелдерде бұған ұқсас анықтамалар кездеседі. Сонымен қатар, көптеген қазақстандық және ресейлік ғалымдар еңбек құқығына тән анықтамаларды зерттеу барысында жеке және ұжымдық еңбек дауларының анықтамаларына да тоқталған. Дегенмен, ізденуші аталған терминдерге өзіндік авторлық көзқарасын ұсынуда.

Екінші нәтиже. Жаңа болып табылады. Себебі, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің арасында қашықтықтан жұмыс істеуге байлынысты қосымша келісім шарт жасасудың қажеттілігі қазақстандық құқық ғылымында алғаш рет негізделіп отыр және тек теория ғана емес, сонымен қатар тәжірибеге де жаңашылдығын әкелуде.

Үшінші нәтиже. Ішінара жаңа нәтиже болып табылады. Себебі, бірқатар ғалымдар (олардың ішінде ресейлік ғалымдар басым бөлігін құрайды, мысалы, В.Н. Скобелкин, А.А. Силин, С.В. Передерин, және т.б.) арнайы еңбек процедуралық-процестік кодексін қабылдауды ұсынған болса, басқалары қолданыстағы азаматтық процессуалдық заңнамаға арнайы тарау енгізу қажеттілігін атап айтқан. Алайда автор ҚР Азаматтық процестік кодексіне «Еңбек қатынастарынан туындайтын арыздар бойынша іс жүргізу» атты дербес тарау енгізу ұсынысын жаңа аргументтермен толықтырып, дәлелдеген.

Төртінші нәтиже. Ішінара жаңа нәтиже болып табылады. Себебі, жұмысқа қабылдаудан бас тарту, еңбек саласындағы кемсітушілік, еңбек шартын өзгерту, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру туралы жеке еңбек дауларын сотта қарау кезінде азаматтық іс жүргізуге прокурордың міндетті түрде қатысу қажеттілігі отандық және ресейлік ғылыми зерттеулерде кең талқыланған. Дегенмен, ізденуші бұл пікірмен келісе отырып, әріқарай терең зерттеу барысында аталған істерге прокурормен қатар мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндетті түрде қатысуын ҚР Азаматтық процестік кодексінде қарастыруды негіздеп, ұсынуда.

Бесінші нәтиже. Ішінара жаңа нәтиже болып табылады. Себебі, бірқатар отандық және ресейлік ғалымдар еңбек дауларын қарастыратын мамандандырылған сот қажетсіз және бұл мәселені шешу үшін қазіргі соттар жанынан еңбек сот алқаларын құру жеткілікті деп есептейді. Дегенмен, ізденуші бұл мәселеге өз көзқарасын білдіріп, жаңа аргументтермен толықтырып, дәлелдеген.

Алтыншы нәтиже. Жаңа болып табылады. Себебі, қазіргі таңда Еңбек кодексінде келісу комиссияларына жүгіну міндет, ал медияцияға жүгіну құқық ретінде көрсетілген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылардың өзара ішкі байланысы орын алуда. Олар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, ғылыми талаптары мен ұсыныстарына сәйкес келеді.

Диссертацияның құрылымдық бөлімдері бір біріне үйлесімді болып келеді.

Диссертациялық зерттеу құқықтың бірқатар салаларына қатысты пәнаралық мағынасы бар мәселелерді терең әрі жан жақты теориялық топтау сипатына ие. Диссертациядағы қорытындылар мен тұжырымдар шынайы әрі ғылыми тұрғыда негізделген болып табылады.

Жұмыста тәжірибеде туындап отырған және ғылыми әдебиетердегі дау туғызатын мәселелер бойынша автордың ұсынымы байқалады.

6. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы

Ұсынылған диссертация мазмұнының сәтті құрылымымен ерекшелініп, зерттеудің теориялық жағынан да, тәжірибе жүзінен де жүргізілген маңызды нәтижесімен сипатталады. Атап айтар болсақ, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде, ҚР Кәсіподақтар федерациясында диссертацияның зерттеу нәтижелері мен ұсыныстары өндіріске енгізілген (қолданысқа еңгізу актілері қосымша ұсынылған).

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама

Диссертацияның негізгі теориялық тұжырымдары мен тәжірибелік ұсыныстары автордың 14 ғылыми жарияланымдарында: оның ішінде Scopus мәліметтер деректер қорына енетін Journal of Advanced Research in Law and Economics журналында – 1 мақала; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 5 мақала; Қазақстан Республикасында, шет елдерде өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақ материалдарында – 8 мақала жарық көрген.

8. Академиялық адалдық және тәуелсіздік қағидасының сақталуы

Аталған диссертациялық зерттеу жұмысында автор академиялық адалдық қағидатының шеңберінде жұмыс жасаған, автор басқа авторлардың еңбектерін адал қолданған, олардың жұмыстарына сілтемелерді көрсетіп, сонымен қатар, қолданылған құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге тиісті сілтемелерді жасаған және сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдік алмастырылуы байқалмайды.

Диссертациялық жұмысты дайындауда автордың дербестік және тәуелсіздік қағидаты шеңберінде жұмыс жасағанын, оның келтірілген қорытындылары мен ұсыныстарынан байқауға болады.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар қойылған міндеттердің аяқталған нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, ескертулер мен ұсыныстар ретінде жұмыстың кейбір кемшіліктері анықталды:

1. Жұмыс мәтінінде құқықтық терминдерді қолдану барысында қарама қайшылықтар орын алуда. Мәселен, жұмыскер терминімен қатар қызметкер термині көптеген жерлерде кездеседі. Алайда ҚР Еңбек кодексінің 1-бабының 43)-тармақшасына сәйкес жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей

орындайтын жеке тұлға жұмыскер деп аталады. Осыған орай, заңнамаға сәйкес терминологияны қолдану қажет деп есептейміз.

2. Автор қорғауға ұсынылатын ережелердің мазмұндық деңгейін күшейтіп, оларды негіздей отырып, толықтыруы қажет. Бұл оларды дерексіз түсіндіруден аулақ болуға, сондай-ақ қорғауға шығарылатын тұжырымдарда ұсыныстарды нақтылауға мүмкіндік береді. Мысал ретінде бірнеше тұжырымдарға тоқталып өтсек (бірақ бұл ұсынысты барлық тұжырымдарға қатысты деп есептеу керек). Мысалы, бірінші тұжырымда Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 1-бабының 1-тармағына жекелеген тармақшамен «жеке еңбек дауы» және «ұжымдық еңбек дауы» ұғымдарының түсіндірмесін енгізу қажет делінген. Алайда ұсынылған анықтамалар жұмыс мәтінінде келтірілгенімен, тұжырым ретінде кіріспеде көрсетілмеген. Осыған орай, нақты баптың жаңа редакциясын автор бірінші тұжырымда келтірсе, жұмыс әрі қарай ұтымды болар еді деп есептейміз.

Сонымен қатар, төртінші тұжырымда жұмысқа қабылдаудан бас тарту, еңбек саласындағы кемсітушілік, еңбек шартын өзгерту, оның ішінде басқа жұмысқа ауыстыру туралы жеке еңбек дауларын сотта қарау кезінде прокурор және мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндетті түрде қатысуын ҚР Азаматтық процестік кодексі қарастыруы керек екені айтылған. Алайда, нақты баптың жаңа редакциясын автор бұл жолы да келтірмеген. Осыған орай, қай баптың редакциясын өзгертуді автор көздегенін төртінші тұжырымда келтіргені дұрыс болар деп ойлаймыз.

3. Диссертациялық зерттеудің объектісі еңбек және азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес еңбек дауларын сотта қарауды жүзеге асыруда туындайтын қоғамдық қатынастар құрайтынына қарамастан жұмыс мәтінінде көп мәселе жеке еңбек дауларына қатысты болып келеді. Бұл дегеніміз, ұжымдық еңбек дауларының ерекшеліктері ізденуші тарапынан назарсыз қалғаны. Осыған байланысты, ұжымдық еңбек даулары жеке еңбек дауларымен тең көлемде зерттелсе және оларға қатысты, мысалы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларын даярлауға ықпал жасайтын ұсыныстар берілсе, жұмыс сапасы одан әрі артатынына сенім білдіреміз.

4. Диссертация қорытындысында, бөлімдер соңында келтірілген бірқатар тұжырымдар кіріспеде орын алу керек деп есептейміз, мәселен, 3-бөлімдегі еңбек дауларын сотта қарауды жетілдіру мәселелеріне қатысты нәтижелер. Аталған нәтижелердің біріне тоқталсақ. Мәселен, диссертация қорытындысында ізденуші Еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы туралы үлгілік ережені ұсынып отырып. Алайда, бұл мәселе пікірталас тудыруы мүмкін, себебі қосымшада берілген ереженің жобасының нормалары маңызды ақпараттық және құқықтық сипатқа ие, алайда олардың орны Еңбек кодексінің 15-тарауында деп есептейміз.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста кездесетін стилистикалық, грамматикалық және техникалық қателерді (мысалы, нормативтік

құқықтық актілердің атауының дұрыс жазылуы және т.б.) жөндеп, кіріспедегі тақырыптың зерттелу деңгейінде келтірілген шетелдік авторлардың тізімін алфавиттік тәртіпте көрсетіп, пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу және оларға жүгінген өзекті күнді көрсету жағынан бірыңғайға келтіру керек деп есептейміз.

Диссертациялық жұмыста қарастырылуы мүмкін болатын даулы мәселелерді белгілеп, олар пікірталас немесе ұсынымдық сипатқа ие және жұмыстың артықшылықтарын кемітпейтінін, ғылыми құндылығын төмендетпейтінін атап өтеміз.

10. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарына сәйкестігі

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, нәтижелері мен тұжырымдары жоғары деңгейде жазылған, теориялық және тәжірибелік маңыздылыққа ие, мақсатына жеткен деп тануға болады.

Диссертациялық жұмысқа оң пікірімді бере отырып, Исаева Айнуր Женисовнаның «Еңбек дауларын сотта қараудың процессуалдық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сәйкес келеді және 6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
азаматтық, еңбек және экологиялық
құқық кафедрасының доценті м.а., PhD

 Г.Г. Галиакбарова



«11» ақпан 2021 ж.